

Рецензия

Таудың сырын тау баласы біледі

Көркем шығарма – ең алдымен, белгілі бір кезеңдегі өмір, қоғам, қоршаған орта құбылыстарына деген жазушының өз бағасы, өз көзқарасы, қала-бердің оның эстетикалық жеке талғам-түйсігі деп білсек, оған жазылған пікір де (рецензия) – жазушы алға тартқан сол құбылыстарға деген рецензенттің өз бағасы мен көзқарасын, қала-берді оның да болмыс сырын түйіндеудегі өз таным-талғамын танытса керек. Дәлірек айтқанда, шығарма қырына іліккен барша өріске екі жақты барлау жасау, бірінен қалғанды бірі ашу, сөйтіп шама-шарқынша бірін-бірі толықтыра түсу. Бұл тұста «айттым-бітті, үзілді-кесілдіге» жол беру қиын. Өйткені жазушы мен рецензент сыртында таразысын тосып тұрған қалың оқырман тағы бар. Сыншылық пен жазушылықты қатар алып жүрген қаламгер Тұрлыбек Мәмесейітовтың төрт повестен тұратын «Түсіме тау кіреді» жинағына осы ыңғайда пікір айтпақпыз.

Иә, жинақ аты – «Түсіме тау кіреді». Алғашқы сөз осы атау хақында... Үш-ақ сөзден құралған қарапайым ғана хабарлы сөйлем. Жылтырағы жоқ, әсірелеуі аз. Бірақ бұл үш сөздің ішкі тынысынан әлдебір жылы леп, жіңішке мұң сезесің. Неге? Негесін білу үшін мына сұраққа көңіл бөліп көріңіз. Адамның түсіне не кіреді? Ол нені аңсап, неменеге аусары ауса – көп жағдайда сол кіреді. Оның түбі – сағыныш. Сағыныш түбі – өзекті жанның өмірге деген, өткенге деген, бақилыққа кеткен балалық шақ пен үмітке толы ертеңге деген іңкәрлігі мен құштарлығы, өкініші мен алданышы. Жә, жинақ аты адамға тән осы бір асыл қасиетті еске салады екен, ал оның творчестволық процестегі көрінісі қандай? Әр шығармадан түске кіретіндей сағынышты сезе аламыз ба? Ол сағыныш және автордың ба, әлде кейіпкердің бе, тауға деген іңкәрлігі болса, қолдағы өнер дүниесінде сол тауға ғана лайық табиғат пен сурет қалай өрнектелген?

Мұндағы барлық шығарма рас, кеңістік жағынан бір өрісті – таулы өңірді қамтыған. Тау болғанда, кәдімгі Іле Алатауындағы әйгілі Хан-Тәңірі шыңының төңірегі. Оқиғалары түгелдей осы өңірдің қойнау-қолат, аңғар-сілемдерінде өтеді. Әр повестің жеке сюжеттік желісі, жеке кейіпкерлері болғанмен жинақтағы бар шығармаға негізінен жұрттан жырақ, алқалы топтан алыс қоныстанған малшы қауым мен саяқ-ғұмыр аңшының тұрмыс-тіршілігі өзек болған. Олардың қоңыртөбел, момақан тірліктерінен ширыққан күрес, шырғалаңды тартыс көре алмайсыз. «Өмір үшін, идея-мақсат үшін» бір-бірімен қырықпышак қырқысып, қызылкенірдек айтысып жүргендер де жоқ. Бұл – бір қарағандағы көрініс. Ал шығармалардың ішкі иіріміне үңілсек, әрқайсысының өз бойына шақ драмасы, тартысы мен күресі де бар. Тек олар бадырайып көзге түспейді, бәрі де өз табиғи дамуымен, ыңғай-ырқымен келісімді жымдасып, келелі шешімін тауып отырады. Шығарма оқу үстінде кейде шынымен-ақ тауда жүргендей, табаныңды ызғар, маңдайыңды мұз-қар қарығандай болады. Кейіпкерлермен бірге мұңайып,

бірге жұбанып, олармен сезім пернесін қатар басатын да кезің көп. Бұл нені көрсетеді? Бұл – ең бірінші, өмір шындығын шынайы да шебер жеткізе білуді көрсетсе керек. Осы тұста есте ұстайтын бір жағдай шеберлік дегеніміз тек оқиға-штрихтарды қиыннан қиыстыру, сөз-сөйлемдерді құбылта түрлендіру ғана емес, шын шеберлік белгісі – аз сөзге көп мағына сиғызу, қарапайым тіркестің өзінен тірі қимыл, жанды бейне жасау, әр кейіпкерді өзінше сөйлете білу, жеке тұрғанда кез-келген сөздің асылы, жасығы жоқ, бір-бірін биік талғаммен тіркеп-тіркестіру арқылы әр қайсысына әдемі өң беру. Түйіндеп айтқанда, шеберліктің бір қыры – қарапайым сөздің де «қалауын тауып» пайдалану болмақ. Көңілге тоқтығы сол, «Түсіме тау кіреді» жинағында алдымен осы бар. Төрт повестің төртеуінде де әдеттен тыс әсірелеу, болмыстан бөлек боямалау жоқтың қасы. Кейіпкерлері қандай қарапайым болса, олардың іс-әрекеті мен сөйлеу мәнерлері де сондай қарапайым, табиғи. Бірақ қарабайыр қарекеттен аулақ. Бұған әр шығармадағы басты тұлғалардың тірлік тынысы мен күрес сипаты дәлел. Мәселен, «Қара қоныс» повесіндегі Төлесті алайық. Бұл өзі тау жайлап, – тоқ, уайым-мұңсыз көп пенденің бірі емес. Ел мен жер дегенде өзегі өрт болады. Бірақ қолдан келер қайран жоқ: көктегі құдайға даусы жетпейді, жердегі «құдайларға» сөзі өтпейді, тек іштей: «Бұл дүние не боп барады өзі» деп күрсінуге күн кешеді. Рас, торыққан сәтте Төлестің ылғы осы сөзді қайталай беретін әдеті. Сонда бұл дүние шынымен не боп барады дейсіз ғой? Ендеше қараңыз: «Ауылдың іргесіне дейін сұғынып жатқан егін мынау. Жыл сайын тоқымдай жер қалдырмай жыртып тастайды»... (193-бет). «Көпір салған жердегі өзеннің екі жағасындағы тал-қайыңды трактордың жапыра жаншып, шиырлап, таптағанын көргенде жаның түршігеді» (194-бет). «Алматы жақтан келген беймәлім қабасақалдар осы Тастөбенің түбіне әкеп машинаны қаңтарып қойып, тапа-талтүсте шырғанақты (облепиха – Ә. Д.) түбірімен қоса шауып, қиратып басып жатқан жерінен ұсталды. Не деген сорақылық десеңші!» (196-бет).

Бұл – бір ғана жердегі сорақылық па? Қазір Қазақстанның қай түкпірі мұндай сорақылықты бастан кешпей отыр? Бұған Төлес сияқты туған жердің қай төл перзентінің қабырғасы қайыспайды? Осы тұста «Отан», «отаншылдық сезім» деген сөздерді еске түсіріп көрейікші. Төлестің бе, әлде «Алматы жақтан келген беймәлім қабасақалдардың» ба? Өкінішке орай, қабасақалдар қай жерде, қай халықта да бар. Біздің «Отан» деген аса қасиетті ұғымымызға салқындығын тигізіп жүрген де мүмкін солар шығар.

Табиғатты шын сүйе білген адам оның бойындағы болмашы өзгеріске дейін дәл танып, анық аңғарып отыратыны бар. Осындай нәзік сезімталдықты тағы да Төлестен көреміз. «Соңғы уақыттарда шопанның бір байқағаны – жағасындағы ағаштар азайып, өзен жалаңаштанған сайын дыбысы да құлақты тесіп, миды ашытып, жағымсыз естіледі екен... Бұрын өзенді екі жағынан қалың тоғай көмкеріп жатқан кезде бүйтіп салдырлап, сарылдамай, гуілдеп қана бірқалыпты құмығып жетуші еді...»

Шындық. Шындықты кейіпкер сезімімен жеткізе алған – авторлық аңғарымпаздық.

Аңғарымпаздық дегенде айта кеткен жөн: біз интуиция, ойдан шығару, қиял ұшқырлығы сияқты творчествоға тым қажетті қасиеттерді елемей өте алмаймыз, алайда шығарманың сәтті шығуына көп жағдайда авторға тақырып таныстығы мол әсер ететіні сөзсіз. Яки білген мен көргенді жазудың мәні ерекше. Бұл тіпті шығарманың өзінен-ақ байқалып тұрар еді. «Түсіме тау кіредіден» осы жай анық сезіледі. Мұндағы кез-келген шығармада малшылардың тұрмыс-тіршілігіне тән этнографиялық детальдар, таулы жердің табиғатына сай суреттер тайға таңба басқандай дәл берілген. Мәселен, «Тауда өскен ұл» повесінде Байғабыл шал шекарашы солдат мініп келген ақсақ аттың аяғын мұқият қарап шығады да, былайша күйінеді: «... әй, балалар-ай, ыстықтай, терлеп келген күйінде жем бергендерінді қарашы! Оның үстіне осы шілдеде жеген жемнің өзі сау малды күпті қылады, ауыр болады. Ал сендер терлеп келген атқа суытпай тұрып жем бере қойғансындар!.. Қазақтың аяққа жем түсті дегені осы болады» (162-бет).

Және... Төлестің әйелі ауырып қалып, оны сонау күншілік жердегі «доғдырға апарамын ба?» деп басы қатып тұрғанда кәрі әкесінің айтатыны: «Әй, доғдыр-поғдырды қайтесің әуре ғып. Онан да ана бөрте серкешің семіз екен, соны сойып келінді теріге сал. Желденіп қалған ғой... Күзді күнгі ешкінің терісі мың да бір ем: қандай ауру болса да жұлып алады» (205-бет).

Осы үзінділер бойынша біз екі түйінді алға тартқымыз келеді. Бірінші, мұндай этнографиялық жайларды көркем шығармада орнымен пайдалану – малды тісіне қарап жасын, түсіне қарап тегін танитын, малшы өмірін бес саусақтай білетін адамның ғана қолынан келмек. Екінші, мысалға алған екі үзіндіде де қылаудай жасандылық, мысқалдай ділмарлық сезілмейді. Бәрінде сөйлеу стиліне лайық табиғи мінез бар. Бір қызығы, осындай кейбір қайталама сөздерді қысқартып, тым қарапайым көрінген тіркестерді жылтыратып, сөйлемдерді қырнап-түзеп жұп-жұмыр етіп жіберсек, не болар еді? Жоқ, бұл үзінділердің ішкі қуаты – осы қарапайымдылығында, қарапайым сөйлеу мәнерінен қарапайым шаруа адамын танудамыз. Автор қай жерде қалай жазуды біледі. Кейіпкерлер сөзінде өстіп қарауланып қалатын ол табиғат суретіне келгенде кілт басқаша бедер салуға құштар. Айталық, мына үзіндіні жанды сурет демей көріңіз: «Біраздан кейін ұйып тұрған тұман қозғала бастады. Сай табанымен өрге қайнап шығып жатыр. Әр жері тозған киіздей ыдырай жыртылып, қарсы беттегі тау-тас көрініп қалып, қайта тұтасып кетеді... Бірте-бірте қой жатқан тепсеңнің тұманы ашылды, жер бауырлаған ақ тозаң бу тау басына қарай көтеріліп кетіп жатыр» (170-бет).

Тауға ғана тән мұндай тамаша суреттер жинақта жиі ұшырасады. Олар кейде кейіпкерлер жан-дүниесімен астаса қабаттасып, психологиялық талдауға қызмет ететін де кезі көп. Бұны, әсіресе, «Жамансай» повесінен көреміз. Оның басты тұлғасы – Төлеу деген жас аңшы – туған жердің төл перзенті, табиғатты сүйген ұл. Бірақ сүйе тұрып сол табиғатқа қол жұмсайды. Неге? Өйткені аңшылық оның аңсап тапқан кәсібі емес-ті. Ол соғыста жүргенде «дегеніне» көнбеген әйеліне – бір, соғыстан келген соң моншамды сала қоймадың деп өзіне екі өшіккен ел басшысы Қыдырбай жұртты тегін

етпен қарық қыламыз деген сылтаумен оны алыс тауға – тау ешкісін атуға айдайды. Амал жоқ, атады. Алғашынды қолы қалтырап, аяп тұрып атады. Сосын... біртіндеп еті өліп кетеді де, бейшара жануарларды қынадай қырып, тобымен құлата бастайды. Баяғы аяушылық сезімін енді құмарлық, қызығушылық жеңген. Ақыры... құзар шыңнан өзі құлап, мерт болады. Бар оқиғаның өтетін жері – Жамансай. Жамансай – әрі адамның, әрі табиғаттың тағдырын шешер тар ауыз – Қособа. «Мың асқанға – бір тосқан» дейсіз іштей. Дей тұрып Төлеуді аяйсыз да. Өйткені оның кінәсі не еді? Ал топ-тобымен құздан құлататындай бейшара жануарлардың жазығы не? Мүмкін бәріне айыпты Қырықбай шығар? Қырықбай да емес, Қырықбайлардың заманы шығар? Қалай десек те табиғат қатыгездікті кешпейді екен... Қырықбай демекші, бұл кейіпкер бізге бұрыннан таныс сияқты. Қазақ прозасындағы таптауырын тақырыптардың бірі – соғыс жылдарындағы тыл өмірі болса, осы тақырыпта жазылған қай-қай шығармада да кәрі-жасқа қамшы үйіріп, қыз-келіншекке қырындап, шошаң қағып жүретін шолақ белсенді, ақикөз басшы аз емес. Заманына қарай «ит жоқта шошқа үргені қораға» рас шығар. Бірақ Қырықбайларға да енді басқа қырынан қарауға болмас па екен.

«Ит» дегенде еске түседі, жинақта кейіпкерлердің жақтырмаған адамын «ит», «ит екен!» деп күйінуі біраз жерде кездеседі. Бір сөзді қайталай беру орынсыз. «Сипай қамшылауды» да...

Түптеп келгенде, «Түсіме тау кіреді» жинағынан түйер ой мынау: автор повесть жанрын қай жамбасына салса да шырқ үйіріп әкететінін танытады. Идеядан шығарма емес, шығармадан идея тудырады.

Дидахмет Әшімханұлы